

Жеті атасын білген ұл
Жеті жүргітың қамын жер...

ҚАЗАҚ ШЕЖІРЕСІ



Көктіңкөлі ауылы – 2013 ж.

Тілеу Жәкен ұлы Аралбай тегі

ҚАЗАҚ ШЕЖІРЕСІ

(Үш жүздің және төрелер шежіресі)

Қарағанды облысы
Көктіңкөлі ауылы – 2013 ж.



63.3(5 K93)
A75

119383



Жәкен ұлы Тілеу
1970 жылдары

КІЛДАРСЫЗ ҚАДАСЫН
ОТАВЫЛАНДЫРЫРГА
БІРДІКСЕМДЕ СІЗДЕРДА
ТӨБІЛДІРМЕРДІ НАРКЕТТЕРКЕ
ЖЕҢІЛДЕ

Жеті атасын білген ұл
Жеті жүрттың қамын жер.
Озін ғана білген ұл
Құлагы мен жагын жер.
(халық мәтепі)

Алғы сөз.

Шежіре – ел арасына кең тараған, ол да тарихтың бір түрі. Ауызша таралған шежірелерді жинақтап, ретке келтіріп, тарих жазу дәстүрі әр елде бар. Мұндай тарихты Қазақ ССР гылым академиясы көптен бері жинақтап, баспаға берген болатын.

Шежірені құрастырушы Қадырқожа Аманкелдиевтің «Білім және сәбек» журналының 1969 жылғы 6-7 номерінде «Қазақ шежіресі» жөнінде үлкен мақаласы шықты.

Сонымен катар 1968 жылы Алматыда шыққан В.В. Востров, М.С. Мукановтың «Родоплеменной состав и расселение казахов» - деген кітабы.

Бұл қазақтың үш жүзге бөлінуі, олардың Қазақстанда орналасуы және үш жүздің шығу, таралу тарихынан көп мағлұматтар келтірілген.

Әлкей Марғұланның «Ежелгі жыр аңыздар» - деген ғылыми-зерттеу мақалаларында: ғұндар, қаңылар – ескі дәуірден түрік тайпалары екенін, олардың Сахарада байтақ құрган ел екенін.

Олар – өте ескі дәуірден Қазақстан Сахарасын Отан етіп, онда көп жойқын қалалардың үйіндісін қалдырған елдер. Олардың жасаған қаласының іздері Жетісуда, Іле, Шу, Талас өзендерінің бойында, Қаратуда, Сырдария өлкесінде, Арап теңізінің жағасында өте жарқын түрде суреттеліп отырады. Сактар, Ғұндар, Қаңылар қазақ халқының ерте дәуірде шығу тарихымен тығыз байланысы бар, мал өсірген белгілі халықтар.

Ғұндар – мындаған жылдар ұлы Сахараны қонысталап, өздерінен көп үртап, бай мәдениет қалдырған ел. Олардан үртпақ болып қалған елдер үйіндер, қаңылар, оғыздар, қыпшақтар, аргындар, коныраттар, кияттар, наймандар, керейлер, уак-үншітер, латтар.

Бұлар мирас етіп қалдырған қалалар Сыр бойында, Жетісуда, Күнбатыс Қазақстанда, Маңғыстауда орасан көп. Олардың ішіндегі ең жойқындары Сайрам, Сүткент, Отырар, Түркістан, Сауран, Сығанак, Қауған-Ата, тағы да одан басқа Сыр бойы мен Қаратуда толып жатқан өзге қалалардың үйінділері (Субанкент, Ягакент, Баба-Ата, Құмкент, Кенжек) тағы басқалар.

Мәшін Жүсіп Көпей ұлы көп ізденістін арқасында, ұлагатты кариялардың деректеріне сүйене отырып «Қазақ шежіресін» жазды.

Бір қызығы, Мәшін Жүсіп шежірені, жадағай атаны тарату деп түсінбей, онда сол рудағы немесе сол елдегі батырға байланысты, ақынға қатысты, балуан жайлы, күйші туралы аңыз-әнгіме, жыр, күй, тақпак болса, соны қалдырмай жазған. Әсіресе, жастарға үлгі-өнеге боларлық-ау деген дүниені тұтас қамтып, өзінше сипаттама беріп дөлелді оймен түйіндей, таратып айтып отырыпты. Аса зерделі жанның осы асыл қасиетін терең сезінген Мұхтар Әуезов: «Өз

шығармаларын былай койып, басы ашық үлгілерді жазып алғып, біздің дауірімізге жеткізген еңбек Мәшһүрде мол екенін және естен шығарма керек. Сондыктан қазақ ауди әдебиеті мен жазба әдебиетінің ғылымдық бір саласы тарихи-жография бөліміндегі Мәшһүрдің ол түрдегі еңбегіне әрдайым орынды берілуі шарт» - деп жазған.

Бұл қазақ деген кеше мен бүгін койылған ат емес, заман-заманнан айтылып келе жатқан ат. Араб тілінде «ұғызақ» деп жазылған, шағатай үлгісінде «хазаг» деп, өзіміздің жуан тілде «қазак» деп жазылған.

Түрк басы Нұх пайғамбардан тарағ болғандегі Жаппас деген баласынан түрік, онан тұтік, онан қой, онан киік, онан еділше, онан алтыныш, онан магол, татардың маголынан Қара хан, онан Уыз хан! Осы Уыз ханнан өрбіп-өнген наследден тарадық. Киіз үй сол Уыз ханның жасаткан үйі. Киіз туырлыкты қазақ, үзың үйлі атанғандағы сондыктан.

Мұхаметжан Тынышбай ұлының деректеріне сүйенсек: Ру, тайлапардың өрбүін үрпактан үрпакқа ұластырып, жеткізіп тұратын шежіре тарқату салты мәдениетті елдердің бәрінде бар. Шежіренің көп томдық жинақтары Ресей, Германия, Англия, Франция және қолтеген Шығыс елдерінде арнағы жарияланып келеді. Шежірге ерекше қөніл болетіндердің бірі – біздің қалқымыз. Бірақ, бір өкініштің жазу-сызуымыздың көп уақыт бойы кенже қалып келуі салдарынан қазақ руларының шежіресі үрпактан үрпакқа негізінен аузыша алmasып, жетіп отырган. Әрине, мұндайда әр буын шежірелердің орісіне қарай олардың кей өзгерістерге түсіп, кейбір нұқсаларының бастапқы нұқсалармен дәлме-дәл шыға бермейтіні де заңды құбылыс.

Қазақ шежірелерінің зерттелу тарихына көз жіберсек, кезінде оларды жазып алуға орыс ғалымдары А. Левшин, В. Вельяминов-Зернов, Н. Аристов, Г. Потаниндер көп үлес қосқанын байқайды. Қазақ ойшылдары топтаған шежірелердің ішінде М. Дулатидің, К. Жалаиридің шежірелері «Жәнгір хан шежіресі», Ш. Үәлиханов жазып алған «Ұлы жұз шежіресі», Мәшіүр Жүсіптің «Қазақ шежіресі» қымбат қазыналар болып табылады. Сондай-ақ, шежірені топтау ісінде 1911 жылы Орынборда басылып шыққан Шәкәрім Құдайберді ұлының «Түрік-қыргыз, қазақ һәм хандар шежіресі», 1903 жылы Қазанда басылған Н. Наушабайұлының «Манзұмат Қазахия», К. Халидидің 1910 жылы жарық көрген «Тауарих халжа» сияқты кітаптарының да орны болек.

Алайда, совет кезеңінде жарық көріп, шежіре мәселесін арнағы қозғаган ғылыми зерттеулердің ішінде Мұхаметжан Тынышбайұлының «Қазақ халқының тарихына қатысты материалдар» (Материалы к истории киргиз-казахского народа) деген 1925 жылы Ташикентте басылған еңбегі айырықша сұбелі. Негізгі мамандығы темір жол инженері бола тұра соына қазақ тарихына қатысты тамаша ғылыми зерттеулер қалдырып кеткен М. Тынышбайұлының (1879-1937) орысша жазылған бұл еңбегінде қазақ шежіресі, қазақтардың 1917 жылға дейінгі саны туралы майын тамызға әңгімелеген ғылыми қысындылықтарымен, аргыбергі тарихты терең зерделеуімен тәтті етеді.

Туган халқының ғылыми тұрғыда жүйеленген шежіресін өз ана тілінде оқығысы келіп, ақсал отырган жүртшылық назарына біз бұған дейін ғылыми айналысқа түсken шежірелік деректерді жинақтап беруді жөн көрдік. Ол бойынша

рулар тарихы – негізінен ардақты галымымыз М. Тынышбайұлының жоғарыда аталған енбегінен ықшамдай алғыншы беріледі де, жеке атапарды тарату Қазак Совет энциклопедиясының әр томынан алғынған деректермен дәйектеліп отырады. Яғни, бұл орайда біз жаңымыздан ештеңе шығарып жаткан жоқпыш.

Сонымен бірге оқырмандар назарына Шәкәрім Құдайбердіұлының 1911 жылы Орынбор каласында шыққан «Түрік-қырғыз, қазак һәм хандар шежіресі» енбегі мен қазактың аргы-тегін, ру-тайпаларының тармақталып, жүйелеп беретін схемалық басылымды ұсынып отырмыз. Бұл кітапты шыгарудағы максатымыз – өз тарихын, тегін білсек деген жүртшылық назарына біршама ғылыми сұрыптауға түскен шежіре нұсқаларын бір жүйеге жинақтап ұсыну.

Жинақтаушы Тілеу Жәкен ұлы Арапбай тегі.

Казак шежіресі.

Нұх пайғамбардан Қам, Сам, Яфат деген үш ұлы болған. Сам деген ұлынан – Арым, Фабар, Шалық, Арпақшат, Арғон, Аштақ, Тараҳ деген жеті ұл туған. Тараҳтан (кіші ұлыңан) – Азар туған, Азардан Ыбрахым пайғамбар.

Ыбрахым пайғамбардың – Ысқақ, Смағұл деген екі ұлы болған. Смағұлдан – араб халқы тарайды. Ысқактан – Хайдар, Хайдардан – Түрік, Түріктен – Табиги туады.

Табигидан – Массагат, Кассах, Махалла, Сах деген төрт ұл туған. Сахтан – Әнсары, Әнсарыдан – Хамит, Хамиттен – Аннас, Укас сахабалар туған. Укас сахабадан – Кавказ халықтары тарайды.

Аннас сахабадан Мадат, Охастин, Ғажат, Сыбай деген төрт ұл туған. Мадаттан – Өзбек, Үйгыр, Гагауз (қашқар) тарайды. Охастиннен – Түрікмен, Текежаумыт, Балқар, Құмық тарайды. Ғажаттан – Ноғай, Татар, Башқұрт тарайды.

Сыбайдан – Алаш жаңғыз тауды. Қазакта атамыз «Алаш» керегеміз ағаш деп тегін айтылмаган.


Алаштан – Жайылған, Сейілхан деген екі ұл туған. Сейілханнан – Қыпшактар (половцы қыпшак, ұлт қыпшак).

Жайылғаннан – Рazaқ (Қарақалпак), Қазак, Созақ, Қыргыз тарапланған.

Созақтан – Могол, Моголдан – Ақсақ Темір, Ақсақ Темірден – Ұлықбек, Бабур тарайды.

Қазақтан – Жұман, Жұманнан – Әбілқайыр, Әбілқайырдан – Ақарыс (ұлы жүз), Бекарыс (орта жүз), Жана-Арыс (кіші жүз).

Нұх пайғамбар.(Қазықұрт тауы)



Кавказ халықтары тарайды.

Охастинен



Түрікмен, Текежаумыт

Балқар, Құмық

Өзбек, Үйгыр, Гагауз (қашқар)

Гажаттан

Ногай, Татар, Башқұрт

Сыбайдан



Алаш



Жайылған, Сейілхан



Разак, Қазақ, Созак, Қыргыз

(Қарақалпак)

Созактан



Могол



Ақсақ темір



Ұлықбек, Бабур

Қыпшақтар
(половици қыпшақ, ұлт қыпшақ)

Қазақтан



Жұман



Әбілқайыр



Ақарыс (ұлы жұз), Бекарыс (орта жұз), Жана-Арыс (кіші жұз).

Кам



Күшит
(Нубийліктер)

Хананей
Пунти

Хет
Вавилон

Япши



Шын
(Қытай)

Туран
(Түркия)

Шын-Мажін
(Индия)

Ұш жүздін тарадуы

Қазақ халқының тарихы жөнінде біршама көп жазылды: алайда, олардың ішінен Вельяминов-Зернов пен Левшиннің зерттеулерін гана ең тыңғылықтысы деп есептеген жөн. Қалған авторлар әдette олардан пайдаланғаны болмаса өздері ешқандай жаңаңылк коспайды. Олардың арасында қазақтар мен басқа да түркі халықтарының ру құрамын тиянақты да қызықты зерттеген Аристов қана ерекше деректерден қазақтар жөнінде, оны әркілі кездерде әртүрлі түркі-монгол тайпалары келіп қосылған негізгі тайпа деп үғынып, тек «қазақ» деген сөзді ғана іздестірді, бірақ сол орайда ешкім де қазіргі қазақ рулатарының қайсысы бұрынғы «қазақтардың» үрім-бұтағы болып табылады деген мәселені анықтау керектігін білмеді және айналысқан да жоқ. Аристов қазақтардың казіргі ру құрамын талдай отырып, жеке руладың әрбір руының шежіресін алдын-ала білмей, сондай-ақ оның қай кездерде кімдермен арапласқанын анықта алмай, қазақ халқының тарихи тағдырының жалпы бітімін елестету мүмкін емес. Осы ретте де біз жеке рулатарының шежіресін рет-ретімен қысқаша айтып өткенді жөн көрдік.

Қазақтар ұш жүзден: Ұлы, Орта және Кіші жүзден тұрады.

Ұлы жүзге: 1. Үйсін (Дулат, Албан, Суан, Сарыүйсін, Шапырашты, Ошакты, Ысты, Сіргелі), 2. Жалайыр, 3. Қаңлы, Шанышқылы жатады.

Орта жүзді: 1. Арғын, 2. Найман, 3. Қыпшак, 4. Қоңырат, 5. Керей, 6. Уақ құрайды.

Кіші жүзді – ұш топтан тұратын алшындар құрайды.

1. Он екі ата: Байұлы (Адай, Беріш, Алтын, Жаппас, Есентемір, Таз, Байбақты, Тана, Масқар, Алаша, Қызылқұрт, Шеркеш және Ысық).
2. Алты ата Әлімұлы (Әлім, Шөмекей, Кете, Төртқара, Шекті, Қарекесек).
3. Жеті ру Жаппас (Табын, Тама, Жагалбайлы, Тілеу, Кердери, Керейіт және Рамадан).

Қазақ совет энциклопедиясынан қосымша: «Жұз – Қазақстан жерінде қалыптасқан ру-тайпалық бірлестіктер... Жүздер көптеген түркі тілдес тайпалардың негізінде біртұтас қазақ халқының қалыптасуынан бұрынырақ пайда болған да, кейінрек сол халықтың жеке бөліктегі есебінде бізге дейін жетті... Ұлы жұз бірлестігі Жетісу жерінде Шу және Талас, Сыр, Іле өзендерінің көң алқаптарында өте көне заманинан қалыптасқан. Орта жұз бірлестігі Сарыарқа атырабында Батыс Қазақстанда Алшын тайпасының төңірегіне топтасқан. Сондықтан да бұл бірлестіктерді халық арасында «Ұлы жұз - Үйсін», «Орта жұз - Арғын», «Кіші жұз - Алишын» деп те атайдар (4 том, 1974, 521-б).

Ұлы жұз (Үйсін)

Академик Бартольдтың айтуынша үйсіндер қытайлықтарға біздің заманымыздың екі ғасыр бұрын белгілі болған. Әуелде олар Нан-Шань таулатарының Солтүстік-Батысында көшіп жүреді. Үйсіндердің патшасы ғұндармен соғыста көз жұмады. Ғұнның патшасы оның жас баласын өз тәрбиесіне алады да, кейіннен жорықтарда көзге түскен соң, оны өзінің үйсініне патша етіп кояды. Үйсіндерден Батыста юечжи (юз) және се (сақ) жүрттары өмір сүретін. Ғұндар мен үйсіндер юечжилерді талқандап Батыска қарай ығыстырып, сақтарды да тықсырып, олардың жерлерін тартып алады. Сейтіп, казіргі Жетісуга

қоныстанады. Кейіннен үйсін патшасы Гунь-Мо (Кунби) атагы бар Лосцо-Миғұндарға бағынуды да қояды. Қытайдаң VII-ғасырдағы жазушы Шы-Гудтың анықтауынша үйсіндер көк көзді, сары сақалды болған. Біреулер оларды түркілерге, келесілері арийлықтарға қосады. Олардың саны 120 000 шанырақ (630 000) жан... Біздің заманымыздың 2-ғасырында ғұндар қошкеннен кейін Жетісу мен Шығыс Түркістан қошпелілеріне билік жүргізу әуелі сенбі халқына (2-4ғғ), содан соң жужан халқына (4-6ғғ) қошеді. Осы соңғы халық үйсіндерді Тянь-Шань тауларына ығыстырады. Осыдан кейін үйсіндер тарихта ұшыраспайды, олардың аты тек Ұлы жүздің атауында қалады. Алайда біз үйсіндерді тарихи еңбектер ізімен қаузап көрелік.

VII-ғасырдың басында батыс-түрік империясының халықтары Шу өзені бойынша екіге бөлініп, оның батысында дулаттар, шығысында нушибилер Әмір сүрді. Дұлу атауынан біз үйсіндердің қазіргі ең көп және ең күшті руы дулаттардың атасын көргендей боламыз: мұны қазақтардың дулатты-үйсіннің ең негізгі рулатарының бірі ретінде тануынан-ак байқау киын емес, екіншіден: дулаттар содан екі ғасыр бұрын гана атауы ұшыраскан жерлерді мекендейтін еді.

Дұлудың қатарынан чубань атануы ұшырасады, одан үйсіннің қазіргі бір руы Суанды танығандаймыз. Бұдан кейін бес ғасыр бойы (700-1200) үйсін мен дулат атаулары бізге белгілі еңбектерде ұшыраса қоймайды. Иран тарихшысы 1255 жылы Хулагу мен Персияға қошкен моңғолдардың аузынан «Моңғолдар тарихы» жазыл алған Рашид-әддин (1247-1318ж) Шагатай әuletіне бағынышты үйсін халқы туралы кеперге салып өтетіні бар.

Академик Бартольдтың «Жетісу тарихы очерктерінде» және Харузин зерттеуінде әйгілі тарихшы, «Тарихи Рашидидің» авторы Мұхаммед Хайдардың дулат руынан шыққандығы айтылады. Тарихшының б-шы атасы әйгілі Әмір Булатшы-дулат 1348 жылы Құлжадан Тоғалақ-темірді дулаттар тұратын Ыстықкөлге экеліп, Шагатай ұлысының ханы етіп саллады. Тоғалақ пен Булатшы өлгеннен кейін Шагатай ұлысын билеп Темірдің ата жауы бол өткен Қамариддин дәл сол Булатшының інісі елі. Одан кейін тарихтан Қамариддиннің немере інісі Худайдат, оның баласы Мір-Мұхаммед пен немересі Сеид Әлі (1440ж) секілді дулаттан шыққан әміршілерді ұшырастырамыз. Тарихшы Мұхамед Хайдардың өзі Бабыр (Фергана мен Үндістан билеушісі) мен Сейілханға (Шагатай әuletі) боле болатын. Ол болелерінің өзбектер мен қазақтарға қарсы соғыстарына да қатысты. Сеидхан өлгеннен кейін дулаттардың бір болігімен бірге Мұхаммед Хайдар Лагордағы Бабырға кетті, кейіннен Кашмирді жаулап алды, осында дербес әмірші болып тұрып қаза тапты. Сеидхан Жетісудан күылғаннан кейін (1527-1545) ол аймақта қалған дулаттар (басқа үйсіндер сияқты) қазақтарға қосылды. 1650 жылдары жоңғарлардың екінімен үйсіндер батыска ығысты. 1690-1790 жылдары олар Ташкент үезінде мекендейді.

Қазак халқының атақты билерінің бірі шын мәнінде Ұлы жүзді билеген Төле би Әлібекұлы (дулаттың жанысы) Ташкенттің дәл жанында, Шымкентке баратын жолдың бойындағы Каракамыс деген жерде тұрды. Кейіннен айбынды Абылай хан атанған жетім бала Сабалақ 1725 жылы осы Төле бидің туысы Қыбырай батырдың мекені болатын.

... Жонғар шанкынышлығынан азат болғаннан кейін (1757-1758) дулаттар Ташкентті билеп тұрды. 1798 жылы шаһар халқы мен қазақтың қаңлы, шанышқылы және рамадан рулары (олардың тұқымдары бүгінде Ташкент уезінде тұрып жатыр) дулаттарды биліктен тайдасты...

ҚСЭ-ден қосымша: «Қазақтың ауыз екі шежіресі бойынша Шыңғыс хан заманындағы Майқы биден таратады. Ботбай руынан шыққан Диханбай батырдың (1876 ж. өлген) шежіресінде (Н. Аристов жазбасында) Майқы биден: Қаңлы, Бақтияр, Қырықжұз, Мыңжұз; Бақтиярдан: Үйсін, Ойсыл; Үйсіннен: Ақсақал (Абак), Жансақал (Тарап). Абактан – Қараша, одан Бәйдібек, Байтулы. Ұлы жүздің негізін құраган тайпалар Бәйдібектің балалары болып саналады. Олар: Албан, Дулат, Суан, Шапырашты, Сарыуїсін, Ошақты, Ысты. Ш. Үэлиханов жазбаларында Үйсін – бұл тайпалардың фана емес, Ұлы жүздің барлық тайпасының түп атасы. Онда Тебейден – Үйсін, одан Қойылдыр (Қатаған, Шанышқылы), Мекірейіл (Жалайыр), Майқы (Абак), Қогам (Қаңлы). Бұл шежірелердің қайсысы болмасын тайпалар туыстығын көрсетеді». (2 том, 1977, 401-б).

«Диханбай шежіресі бойынша» Бәйдібектің тоқалы – Домалак енеден (Нұрила) жалғыз үл Жарықшақ туады. Одан үш үл – Албан, Дулат, Суан.

Албан.

Албан – Сары және Шыбыл деген екі руга бөлінеді. Сарыдан – Сүйерқұл, Сүйменді; Сүйерқұлдан – Сегіzsары; Сүймендіден – Айт, Бозым, Қыстық; Шыбылдан – Қызылбөрік, Қоңырбөрік, Құртқамай; Қызылбөріктен – Молболды, Жолболды; Қоңырбөріктен – Өтей, Бойдақ. Бойдақ – негізінен Алматы облысының Еңбекші қазақ, Кеген, Нарынқол, Үйғыр, Шелек аудандарын мекендейді (1 том, 1972, 249-б).

Ал Тынышбайұлының шежіресі кестесінде Сүйменді Таубузар деп аталады да оның балалары Айт, Бозым, Құрман деп тарқатылады. Сүйерқұлдан тарайтын Сегіzsары – Сүйерқұлдың төрт баласы Кожбамбет. Жарты, Досалы, Шоган мен қызы Әлжаннан тұған төрт жиен – Сарымбет, Шеғір, Аламан, Қанғелдінің ортақ атауы деп түсіндіреді. Қызылбөріктің шын аты Бөле, Қоңырбөріктің шын аты Өтей еді деп, Қоңырбөріктен – Қалқаман, Бордак, Жарман деген атапар шығатыны көрсетеді...

Дулат.

Дулаттан – Ботбай, Шымыр, Сикым, Жаныс. Негізінен Жамбыл, Алматы, Шымкент облыстарын мекендейді.

Шежіре бойынша Ботбай – төрт арыс Құдайқұл (Әлімжан), Есбер, Бесторсық, Сиыршы – алты арыс Шагай (Есенбай, Ақша, Қожай, Азан, Тайлақ, Жанқойлық), он екі ата Қоралас (Есен, Үріс, Меметай, Бекшора, Қауғаяқ, Шауқар, Итім, Сарым, Мырза, Бура, Томай, Қосан), Бұйдақ сияқты атапарға бөлінеді (2 том, 1973, 428-б).

М. Тынышбайұлында да осы текстес: «Шымырдан – Шынқожа, Бекболат өрбіген. Шынқожадан – Бозқозы, Бозым, Байтана, Марсым, Бокай, Темір; Бекболаттан – Жиеп, Жиембет, Қарымбет, Шілмамбет, Темір, Бестерек атапар тарайды» (2 том, 1973, 241-б).

М. Тынышбайұлы Шымырдан – Бекболат, Шынқожа, Темірді таратып, Шынқожадан – Кобыланды, Қекіркіті өрбітеді.

«Сиқымнан – Аккойлы, Қарақойлы, Кусирақ, Шуылдақ, Әлсейт, Жансейіт; енді бір шежіреден Сиқымнан – Мырзасейіт, Басейіт, Тоқсейіт тарайды да, Мырзасейіттен - Аккойлы, Қарақойлыны өрбітеді. (10 том, 151 б) Аккойлыдан – Илбай, Сарлыбай, Қаржая, Қайы, Төле және Болат тарайды (1 том, 209 б). Қарақойлыдан – Тогатай, Борас, Корас, Рұстем, Наурызбай әжі» (6 том, 486-б).

М. Тынышбайұлы Сиқымнан – Борас, Тогатай, Буас, Шуылдақ, (Басейіт), Кусирақ, (Тоқсейіт), Ақылбек, Құттыбай, Ербол, Ескелді, Қараны – Аккойлы деп атайдыны ескертеді.

«Жаныс – шежіре деректері бойынша Жантү, Жантай, Жарылқамыс, Қапал, Шегір, Оймауыт, Бөгел деген аталарға белінеді (4 том, 278-б). М. Тынышбайұлы Жанысты – Жарылқамыс, Шегір, Өтей, Бөгежайлы, Жантү, Оймауыт, Жанатай деп тарқатады. ҚСЭ-дегі (4 том, 329-б) Жарылқамысты – Байыс (одан Қарымсақ, Назар, Жолсейіт, Байсейіт, Қайыпберді), Қасқарау деп тарғаткан шежіре Тынышбайұлымен дәл. Ол сондай-ақ Өтейді – Мәуетай, Мәуез; Жантуды – Жайымыс, Ақберді, Өтеміс, Жакабай, Қуажак, Қожамберді, Құдайберді деп тарқатады. ҚСЭ-дегі Жантайдан – Қозыке (Ерубай), Еламан үрпактарын өрбіту (4 том, 271-б) Тынышбайұлымен бірдей. Қасқараудан – Ораз, Бұкар, Елтүзер аталары өрбиді» (6 том, 535-б).

Суан.

«Суаннан – Байтүгел, Тоқарыстан. Тоқарыстан – Мұрат, Орыс, Тұрлыбек; Байтүгелден – Жылкелді, Елтынды. Мекендері – Іле, Қорғас, Осек, Қектерек өзендерінің алқабы». (10 том, 431-б)

Тынышбайұлының шежіре кестесінде Суаннан – Тоқарыстан, одан – Мұрат, Тұрдымбет, Баубек тарайды. Мұраттан – Орыс, Қараменде, Әбдісүгір, Байтүгел, Қарабек, Шегерен, Тұрсын, Есет, Бүргелтай, Жәдігер деп өрбітеді. Орыстан – Мырзагелді, Қангалді; Байтүгелден – Елтынды, Жылкелді.

Сарыұйсін.

«Қазак шежіресі бойынша Абақтың немересі – Бәйдібектің бәйбішесі – Сарыбайбіshedен өрбіген үрпак. Жалайыр Спандияр шежіресінде (жинаған Б. Бақтияров), Сарыбайбіshedен – Байтоқты, Мырзатаз, Жақыпқалша. Ал, А. Нұрбеков жинаған шежіреде Сарыбайбіше қызынан туган жиені Сыйлықсарыны асырап алады да оны ел Сарыұйсін атап кетеді. Одан – Қалша, Жақып; Қалшадан – Қайы, Сопы; Жақыптан – Баба, Жаулантай, Жанай, Солтанқұл» (10 том, 48-б). Мекендері – Сарытау құм, Мойынқұм. М. Тынышбайұлы Сарыұйсінді Жақып, Қалша деп болді. Жақыптан тараған Қырықтың көп болған Ферғана, Самарқанд өзбектері арасында екенин көрсетеді.

Шапырашты.

Ұлы жұз құрамындағы көне тайпа. Шежіре деректеріне қараганда Абақтан тарайтын Бәйдібектің екінші әйелі Зеріктен – Жалманбет, одан – Шапырашты,

Ысты, Ошақты. Диханбай батырдың шежіресінде Шапыраштыдан: Асыл, Шыбыл, Екей, Есқожа, Айқым. Бұларды бесшам Шапырашты деп атайды (12 том, 181-б).

«Асылдан – Көрпе, Өмір. Бұлар Теке, Толеміс, Әжіке, Орымбет, Кеней деген атапарға бөлінеді» (1 том, 538-б). Шыбылдан: Ораз, Байыс, Жәдік, Ибак, Сарытарайды (12 том, 301-б).

Екейден – Жәрімбет, Бейімбет; Жәрімбеттен – Ақтөбет, Бердіс, Қосай, Әлти, Бақай (Баянкушік деп те аталауды); Бейімбеттен – Дербіс, Берімқұл, Сарықұл (4 том, 108-б). Есқожадан – Алтынай, Шуаш. Алтынайдан – Малқара, Бессары, Карасай, Тогызтоқпақ, Шагабай, Қошқар, Шагай, Сүйіндік, Тайторы. Шуаштан – Тақатар (4 том, 193-б). Айқымнан – Қайдуыл, Қалқаман (1 том, 165-б). Шапырашты негізінен Іле Алатаудын батыс бөктерін мекендеді.

М. Тынышбайұлы Шапыраштыны – Айқым, Шыбыл, Асыл, Екей, Төретүкым деп тарқатады. Шыбылдан – Иманшы, Байыс; Иманшыдан – Жәлік: Асылдан – Таңатар, одан – Әжіке, Көргіс, Орымбет; Есқожадан – Алтынай, Жауыш, Тоқтамыс; Алтынайдан – Карасай, одан – Өтей, Түрікпен, Қошқар, Әуез деп өрбітеді.

Ошақты.

«Қазақ шежіресі» бойынша «Бәйдібектің баласы Жалманбеттің тоқалы Сыландыдан: Ысты, Ошақты. Ошақтыдан – Байыл, Аталық, Қоңыр, Тасжүрек» (8 том, 627-б). Жетісуудың барлық аймағында кездеседі.

М. Тынышбайұлының тарқатуы да осындай. Ол Байлыдан – Қабыл, Созак, Байсары, Қасқа; Тасжүректен – Тоқтауыл, Қасак, Қараман, Қайқы, Солакай, Сейіт, Бөлек, Тілеуқабыл, Қенже, Тас, Келімбет; Аталықтан – Жолманбет, Бидалы, Құрман, Бекіл; Қоңырдан – Шуылдақ, Алданатар, Жамантымак, Тұлқіші деген атапарды тарқатады.

Ысты.

«Шежіре бойынша Бәйдібектің баласы Жолманбеттен тарауды. Ыстыдан – Жауатар, одан Ойық, Тілік, Қекшекөз, Ауызұсіген, Сәтек. Бұлардың ішінде ру болғандары – Ойық, Тілік; Ауызұсігеннен – тараган Таз» (12 том, 355-б).

Таздан – Әлмембет, Сарыкемпір (10 том, 515-б). Ыстылар Шу мен Талас, Іле мен Балқаш бойын, Қаратаудың оңтүстігін мекендеді.

М. Тынышбайұлы Ыстыдан – Ойық, Тілік. Ойықтан – Қызылқұрт, Қекшекөс, Сәтен, Ауызұсіген; Тіліктен – Қоңыр. Тазшаны тарқатады. Қоңырдан – Ақментай, Қаралай, Қамыс.

Сіргелі.

«Сіргелі қазақтың барлық шежіре деректеріне қарағанда Үйсінмен бірге туған. Диханбай батыр шежіресі бойынша Майқыбыден Бактияр, одна Үйсін, Сіргелі. Сіргеліден – Байжіліт, Қарабайыр, Батыр, Үштаңбалы, Айт-Бозым, Елубай, Төрттаңбалы, Жақыбай» (10 том, 501-б). «Байжіліт: Амалдық, Қошімбет, Келімбет, Оразымбет деген төрт атага бөлінеді» (2 том, 84-б). Сіргелі революцияға дейін Шымкент, Әулиеата, Ташкент уездерінің жерін мекендеген.

Тынышбайұлы Сіргеліден – Сұлгетай, Тұтамғалы, Үштаңбалы, Батырлар, Қарабатыр, Жакай, Бозеке деген аталарды бөледі. Сұргетайдан: Бекбауыл, Төртсары, Итемген, Есенишора, Қоғамғалы, Қожыгер. Бозекеден – Жалманбет, Қарқын; Қарқыннан – Көшен, Арық; Арықтан – Менліқожа, Меней деп тарқатады.

2. Жалайыр.

Монгол тарихшысы Санан – Сесеннің айтуынша жалайырлар монгол арасындағы Еке монгол (ұлы монголдар) атты құшті бірлестік құрамында болған. Әуелден Шыңғыс хан жағына шығып, оның Қытай, Тибет, Түркістан мен Персия жорықтарына катысқан. Шыңғыс ханның әйгілі қолбасшысы, Қытай тізе бүктірген Мұқылы-Гаун жалайыр руынан еді. Шыңғыс хан кезінде және кейінірек Жалайыр тұрт топқа бөлінді. Біріншісі – Монголия мен Қытайдың қалды; екіншісі – Жошы балаларына беріліп, барлық азыздар бойынша Шу өзенінің орта ағысынан Шығысқа қарай орналасып, Шуманак деп аталады; үшінші тобы – Шырышқ пен Әнгірен бойын жайлагандар тарихта Жалайыр ордасы (екінші аты Сырманак) атымен белгілі; ғөртінші топ – Хулагу ханмен Парсыға өтіп кетті.

Темір билікке араласа бастаған кезде Жалайыр ордасы оған көмек берді, бірақ 1370 жылы Темірмен жау дулаттар жағына шығып кетті де, соңғысы үшін Ақсак өмірдің қаһарына ұшырап ыдырауға түсті. Парсыдағы топ Ирандағы билікке араласты. Жалайыр әулеті Солтүстік Парсы патшалық құрып, бір кездерде тіпті Бағдатта да әмір жүргізді. Жалайырлардың негізгі бөлегін 1370 жылы босқын сыманактар келіп қосылған шуманактар құрайды.

Жалайырлар барлық уақытта да Ақорда атымен белгілі Жошы ұлысының шығыс жағын мекендейді. Темірдің кезінде Шуманактар Орыс хан мен оның ұлдары ескерінің үйткисы болды. 15-16 ғасырларда да олар сол жерлерді мекендейді.

1558 жылы Ондан сұлтаниң ұлы Ораз Мұхаммед пен оның қараша бегі жалайыр Қадыргали Сібірде орыс тұтқынына түсіп, Мәскеуге жөнелтілді. Қадыргали бек Ораз Мұхаммедтің шежіресін жасады. Шамасы осы кезде жалайырлар Ұлытау мен Қекшетаудың маңында болса керек. 1723 жылғы ақтабан-шұбырындының шабуылы кезінде Бетпақдалага қашып кеткенге ұксайды. Жонгарларды кууға жалайырлар көп улес қосты. 1757-58 жылдары Аяғөз өзенінің төмөнгі ағысын мекендер, сол жерден Қапал уезіне ауысып, Қаратал, Іле бойына орналасты.

ҚСЭ- бойынша: Диханбай батырдың шежіресі бойынша...

«Үйсіннен: Ақсақал (Абақ таңбалы), Жансакал (Тарақ таңбалы), соңғысынан Жалайыр, одан: Сырманак, Шуманак (4 том, 230-б). Шуманактан: Андас, Мырза, Қарашапан, Орақты, Ақбұйым, (Арықбұйым), Байшегір, Сиырша, Балғалы, Қайшылы». Бұл арадан кейін көп белгілі болған Құшік руы Байғалымен еншілес саналады (10 том, 495-б).

Ш. Уәлиханов Жалайырды 12 атага: Андас, Мырза, Құшік, Сыпатай, Ақбұйым, Қарашапан, Сиырши, Арықтыным, Байшегір, Қалпе, Қайшылы, Байғалы деп бөледі (Ш.Ж. 1 том, 1961, 540-б).

М. Тынышбайұлының таратуы бойынша Шуманак үш топқа бөлініп, бірінші топқа: Орақты, Мырза, Қарашапан; екінші топқа: Маңғытай, Құшік; үшінші

топқа: Қалпе, Ақбұйым, Сыпатай кіреді. Сырманақтан: Қайшылы, Балғалы, Арықтыным, Байшегір, Сырышы; Орақтыдан: Төке, Кенже; Манғытайдан: Торлак, одна гана барып Андас; Ақбұйымнан: Сары, Құяс; Сыпатаидан: Өктемір, Марқа. Сауық; Балғалыдан: Құлымбет, Құлым; Арықтанымнан: Сүтемген, одна Өміржан, Тілес; Байшегірден: Жиенбет, Жиенқұл, Бегімбай, Абыс. Қебіс тарайды. Сырышыдан – Сүгір, Тогымбет, Бәйімбет, Сырымбет; Бәйімбеттен – Жылкелді, Ескелді би тарайды.

КСӘ- бойынша: Андас-Қалқа. Толымбет болып екіге болінеді, оларға мынадай аталар кіреді: Деріспалы, Жомарт, Қанай-Қонай, Әйтімбет, Құттық-Карақұс, Қырғыз, Аңдабай-Танат, Алакөз-Жетінар, Мендібай-Кенжеке, Тайменеке-Байыс. Байқара-Жұман, Турке-Сауық, Шәкі-Шүкі, Қошқар-Шөрек (1 том, 374-б). Мырза: Әліке, Бәйішіше, Аман деген атага болінеді (8 том, 243-б).

Қарашапан: Тәңірберген, Баташы, Келмембет, Әллендәулет, Айтқұл деген аталарға болінеді (6 том, 513-б). Оракты: Төке, Кенже, Әжіке, Кошай, Қоқшекөз, Жайықбай деген аталарға болінеді (8 том, 527-б). Ақбұйымның қонысы Алтын емел таусы мен Іле өзенінің арасы (1 том, 204-б). Қалпdeden: Әлмәмбет (Дәүстай, Бекболат, Қасаболат, Айбас), Аңдағұл (Есіркеп), Дүйсембет (Қазы. Мәске) аталары тарайды (6 том, 434-б). Сыпатай алты атага болінеді: Ақмарқа, Қарамарқа, Сауық, Шалымбет, Есеней, Құшек (10 том, 490-б). Арықтынымның мекені – Іле өзенінің төменгі оң жағалауы Бақанас өзенінің бойы (1 том, 434-б). Байшегірден: Жиенқұл, Жиенбет, Бегімбет, Абыс, Қебіс; Сырышыдан: Сырымбет, Бәйімбет (10 том, 181-б). Балғалы: Құлым, Шағыр, Әғіз, Нияз-Барақ болып төртке болінеді (2 том, 128-б). «Құшік» Қосымбеттің лақап аты (шын есімі Қөлшік екен деп атайды). Құшік торт тармакта болінеді: Таз, Жабықсақ, Қарасақал, Мариса (6 том, 179-б). «Газдан – Есентүгел (Маңқы, Марқа, Асан, Бекназар), Еспенбет (Досай, Бабы, Бакы, Жаманқара, Көтей, Сирак) аталары тараган» (10 том, 515-б). Жалайырлар негізінен Іле мен Қаратал өзендері аралығын, Балқаш төңірегін мекендейді.

4. Қанлы.

Қанлы біздің заманымызға дейінгі 2 ғасырда Қанғют деген атпен белгілі болды: олар даусыз Сырдария өзенінің бойын жайлаган түркі тайпасы. Самарқанд, Бұқара және Хорезм жерлері қанлыларға қарады. Біздің заманымыздың басында ғұндармен бірге үйсіндер мен қытайлықтарға қарсы соғысты, 6-шы ғасырда қанлылар төрт дөңгелекті арбаларымен әйгілі болды. 10-ғасырда қанлылардың ішінен 12-ғасырдың екінші жартысы мен 13-ғасырдың алғашқы болігінде Сырдың жоғары жағы мен Кіші Азия аралығында билік құрган әйгілі Салжүк зулетінің негізін қалаған Салжүк деген шықты. 11-ғасырдың басында осы тайпаның Қайы-Қанлы деген тармагы Арменияга қоныс аударып, сол тармак 13-ғасырда болашақ Осман империясының үйтқысы болды. 12-ғасырда түрк ханы қарақытайларға қанлы мен қарлұққа қарсы қомектесуді сұранған кезде қанлылар Шу бойынан көрінеді. 10-ғасырда Мауренахрды жайлаган қалың түркінің дені қанлылар еді; осы кезден Мауаран-Нахр аймағы Түркістан атала бастады. Хорезмшактар кезінде Түркістандағы билік қанлылардың қолында болды; Хорезмшактың шешесі Түркен катын қанлы еді. Оның жисеңі Отыrap бекінісінің бастығы Қайырхан кей адамдардың айтуынша

Шыңғысхан шабуылъының себепкери. Хорезмшақтың Шыңғысханға басты күштері қаңылардан тұрды.

Қаңылар жерімен 13-ғасырдың ортасында жүріп өткен саяхатшылар Плано-де Карпини мен Рубрук олардың Сырдарияның төменгі ағысы мен Қарақұмда деп жазады. Ал Темір жорықтарының жазбаларынан олардың 14-ғасыр соңында Сырдария мен Таластың аralығында тұрып, Жошы ұлысына қарайтынын көреміз. 17-ғасыр басында Ташкент уезінде тұратын қаңылар мен қатағандарды қазак ханы Тұрсын дербес басқарды.

1629 жылы Есім хан Тұрсынды өлтіріп, оған бағынышты қаңыл мен қатаған руларына қысым көрсетті; қатағандардың үлкен болігі Сырдариядан батысқа қарай қашты да, олардан қалған шанышқылы руы қаңыларға қосылды.

Ұлы жүздін қалған рулары тарихта ұшыраспайды: Ысты мен Ошақты руының (Бөлтірік би, Сауырық батыр) батырлары мен билерінің есімдері 18-ғасырдың басында ғана кездеседі.

КСЭ- бойынша: Диханбай шежіресі бойынша қаңылар Шыңғысханиның замандасы Майқы биден тарқатылады. Майқыдан: Бактияр, Қаңыл, Қызықжұз, Мыңжұз. Ал Южаковтың 1867 жылғы жазбасында Бақтиярдан болінеді. Бақтиярдан: Абак, Тарап, Қаңыл. Сырдария бойындағы қаңылар мен Жетісу өлкесіндегі қаңылар негізінен Қара қаңыл, Сары қаңыл болып екі арыс елге болінеді. Олар Ұлы жүз Тобейдің немересі Байтеректен таратылады. Байтеректен – Қаңыл, одан Қанкөжек, одан Келдібек, Келдібектің бірінші әйелі – Сары бейбішеден – Сары қаңыл, екінші әйелі – хан қызынан Қара қаңыл ұрпақтары таратады. Сыр бойындағы қаңылар өздерін Сары қаңының 5 баласы (Ақбота, Ақынкожа, Телқожа, Омыртқа, Миям) мен Қара қаңының алты баласынан (Тогызбай, Онбай, Тоганай, Бақа, Бадырақ, Қара) өрбіген әulet деп есептесе, Жетісу қаңылары өздерін Сары қаңының 5 баласы (Әлсейіт, Тұрке, Шоқпар, Құйысқансыз, Шанышқылы) мен Қара қаңының 6 баласынан (Ерезен, Қаспан, Еңке, Танта, Оразымбет, Бақа) таратады. Шежіре деректерін салыстырып көрсек, Сыр бойы қаңыларының әuletтері Жетісу қаңыларының аргы аталары болып шығады (6 том, 455-б). Қазақстанның онтүстігі мен Жетісу аймагын мекендейді.

М. Тынышбайұлы Сары қаңыны: Омыртқа, Құмырсқа, Әлімбет, Ақбарақ, Сұлтаным, Тоқай. Қара қаңыны: Тогызбай, Онбай, Қараманас, Қаспан, Бадырақ, Қызылқаңыл деп тарқатады.

Шанышқының Қорбака, Дархан, Қырықсадак, Бектау сияқты аталарға болініп, Қорбакадан – Балық, Саңырау, Мамыт; Бектаудан – Қарпық, Араншы, Сырдамның таратытының кестеге тізеді.

«Шанышқылы – жер ыңғайына, әрі туыстығына қарағанда Қаңыл, Қатаған тайпаларына етene жақын. Өзге халықтардың құрамында да Шанышқылы атауы кездеседі» (12 том, 178-б). Мекендегі – Қазақстанның онтүстік пен Ташкент маңы. «Қатаған – Орта Азия мен Қазақстан жерін мекендеген ежелгі тайпа. 15-17 ғасырда Қатаған тайпасы ыдырап, біраз болігі өзбек халқының және Ұлы жүздін Шанышқылы тайпасына сіңісп қеткен. Бір тобы Қашғарияға өткен» (6 том, 542-б).


Ұлы жұз.

Қанлы
Сіргелі
Жалайыр
Сары үйсін

Ысты
Ошакты
Шапырашты

Лбан
Суан
Дулат

Ұраны: Қауға беріп қойға қой.
Таңба: Таға таңбасы Ω



Караша би




119 383

Қанчы

Қанкожек

Келдібек




АБОНЕНТ

Қаңлылар кейде «ақ», «қызыл» болып бөлінеді. Кейінгісі Сары қаңлы Телқожадан бөлінеді.









Сүйменди



Аккыстық


Құлақай
Тлеміс

Шойқара
Жайын
ОНтоғар
Майасар
Құлақай


Каракыстық

Бәйбішеден	Токалдан		
Әли	Байтөк	Елтоты	Бәже
Каракүс	Момын	Сақай	Мәлике
Аманкелді	Бекткімір	Есен	


Кызылбөрік




Қонырбөрік




Суан



Дулат





Күдайқұл
(4-арыс)

Әлімжан Есбер Бесторсық Сирышы

Шағай
(6-арыс)

<u>Бәйбішеден</u>		
<u>Байқұшік</u>	<u>Күшпентай</u>	<u>Тоқалдан</u>
Есенбай Жанқойлық	Асан Тайлак	Есенкелді Ақша Қожай

Коралас (12-арыс)

<u>Коракосай</u>		<u>Қарақойлы</u>
Бура Мырза Қосан	Ітім Сарым Томай	Есен Үрүс Қауғаяқ Шауқар Мометай Бокшора

<u>Шынкожа</u>		<u>Бекболат</u>
Бозқозы Бозым Байтана	Марсым Бокай Темір	Жиенбай— Жиембет Карымбет
Күнту Төленді	Исақ	Шілмамбет (Темір) Бестерек
	Айнабек Мырзагұл	Жаңабай
		Айтқұл Шақан
		Шоже Қон
		Сырлы

**Орта жұз.
Арғын.**

М. Тынышбайұлының деректеріне сүйенсек: Амур өзеніне құятын Бурятиядагы өзен аты Арғын (Аргун деп аталады). Алтайда Қатын өзенінің сол саласын құрайтын Арғұрт өзені бар.

Моңгол тілінде «т» әрпімен біттепін сөз көпшіле жалғауды, «н» әршімен біту жекеше жалғауды білдіреді. Егер соңғы сөздері «т»-ны, «н»-ға озгертсек тағы да аргум немесе арғын шығар еді. Аристов 5-ғасырда қытай тарихшыларының

«алуны» және «бай-егу» халыктары туралы дерек қалдырганын айтады. Қытайлықтардың «р» ерпіне тілі көлмейтін белгілі (сөндүкстан да түркілерді олар «тукун» деп атаған: ал қоңтеген европалықтар осы жағдайды елеместен тукунды түркі тайпаларының бірі деп ойлады). ... Аристов аргындар Шыңғыс ханның кезінде батысқа қарай наймандар мен керейлердің алдын алып жылжыды жеп атайды. Шагатай ұлсының Қарақұл хан өлгеннен кейін оның әйелі бір жазуда И. Ергене қатын, екінші жазуда Органа немесе Аргуна катын билегені белгілі. Қазіргі Қапал мен Лепсі уезінің жерін 1253 жылдың қарашасында жүріп өткен Рубрук бұл ел бұрын Органум деп аталғанын тұжырымдайды. Бұған дәл сол манда Арган аты тауының бар екені, бұл сөз Аргын Аты деген екі сөзден құралғанын қосамыз. Темірдің жорықтары туралы жазбалардан аргындардың 14-ғасырда Алакөл мен Қаратал өзені аралығында мекендерегенін білеміз...

Шагатай ұлсының құрамында болған: аргындар Темірдің 1376, 1389 және 1390 жылдардағы жойқын шапқыншылықтарына ұшырады: одан кейін 15-ғасырдың басында шығыстан жонғарлардың шабуылы басталды да 1456 жылы аргындар батысқа қарай кәдімгідей жылжып, Орыс ханның немересі әйілі Жәнібек ханның карамагында болды. Шамасы аргындар батысқа қарай 1400-1410 жылдар мәuletінде қозгалса керек. Өйткені аргындар (Қанжығалы руы) 1420 жылы Жәнібектің әкесі Барак ханның Ташкент пен Ходжентке қарсы жорығына қатынасады. Аргындар арасында көшпелі өзбектердің ханы Әбліқайырға жақын жүргендер қатарында қарақышиң Қобыланды мен аргын руынан ел Ақжол деп атаған Дайырқожа болған екен деген аныз бар. Олар іштей жауласып жүреді де. оның ақыры Дайырқожаның Қобыланды қолынан қаза табуымен аяқталады. Аргындар Әбліқайырдан Қобыландыны қысас қылып өлтіруде қолдарына беруді сұрапты: бірақ хан оны орындауға сескенген екен. Сонда аргындар (және керейлер) Жәнібек пен Керей сұлтанға ілесіп Әбліқайырды тастап кетеді. Бұл аныз бізге тарихтан белгілі. Жәнібек пен Керейдің Монголстанға, Балқаш көлінің онтүстігіне ығысу себебін де тилянақтай түседі. Қазақ хандығының құрылуын осы шақтан бастап жүргендіктен (мен оған толық қосыла бермеймін), аргындар осы халықтың құрамындағы аға орынды алғаны күмәнсіз. Қазақ азызы будан кейін Жәнібек Еділдин төмөнгі ағысына көшіп, осы жерден Аштraphan (Астрахань) каласын салады. Карамзин озінің «Ресей мемлекетінің тарихы» еңбегінде Алтын орда ханы Ахмет Жәнібекке Қырымды берді дейді. Вельяминов-Зерновтың Касимов хандары туралы зерттеуінен Жәнібектің Менделікереиден сескеніп 1475-1477 жылдары III-Иванмен байланыс жасап, одан қажет кезінде пана беруді сұраганы белгілі. Ақыры 1480 жылдар шамасында ол Россияга қоныс аударып. сол жақта көз жұмады. Сол Вельяминов-Зерновтан аргындардың Қырымда, Қазан мен Астраханьда көрнекті орын алып, ханның сенімді қарашалары болғанын білеміз. Жәнібек Россияға кеткенде аргындар Қырымнан көтерілмей бетке шыгар каймақтар санатында қала берді...

Кавказда Сунжо өзенінің бойында Аргун ауылы орналаскан, Аргун шатқалын бойлай ағатын Аргун өзені келіп құяды: бұл шамасы, сол жақта Жәнібек тұкымдарының бірі алып келген атау болса керек. Яковлев «Солтүстік Кавказды зерттеудегі жаңа жаңақтар» деген мақаласында Авар сұлтандары Орыс сұлтанның тұкымдары еді дегенді айтады. Бұл сұлтандар Орыс ханның немересі Жәнібек үрпактарынан тараса керек. Рыжовтың башқұрт Мулокаевтың аузынан

Хақназар ханның ұлы Ахметкерей ногайлардың бір тобын басқарып Кубань өзеніне қарай (1580 жыл шамасы) кеткенін жазып алатыны бар: бәлім, солармен бірге Аргун шатқалында тұратын аргындар да кеткен болар. Едігенің тұқымдары Ногай мырзаларының билігінде қалған аргындардың үлкен тобы ол жақтан 16-ғасырдың ортасында Испайл мен Жұсіп мырзалардың арасында откен қантөгіс шайқастар және орыстардың Қазан мен Астраханьды басып атуынан кейін кетсе керек.

16-ғасырдың сонында аргындар Қаратай тауларынан көрініп, Тауекел мен Есім хандарының Ферғана, Самарқанд, Бұқара жорықтарына қатысады. 1620 жылдан қазақтар мен қалмақтардың арасында қантөгіс соғыстар басталады. Тәуке ханның (17-ғасырдың соны мен 18-ғасырдың басы) әйгілі Жеті жарғысы кезінде қазақтардың жағдайы біршама жақсарған сияқты. Аргындар бұл кезде Қаратайдың теріскейін мекендейді, Сарысу мен Ұлытау арасында көшіп жүрді. 1723 ж. Жоңғар шапқыншылығы кезінде аргындар (керей мен жалайыр) басқалардан көрі аз шығынға ұшырады – оларды Бетпакдаланың сусыз шөлдегі аман сақтап қалады. Қазақтардың 1725-1726 жылдардағы айбынды шабуылдары кезінде аргындар алдыңғы лекте жүрді.

1726 жылы Левшиннің айтудынша казақ хандары бір-бірімен қырын қабақ болып қалады. Даудың төркіні Болат хан өлгеннен кейін оның орнына үш жүздің бас ханы етіп жас Әбілмәмбетті сайлау болғанға ұқсайды. Оның ағасы Болаттың інісі шал Сәмеке мен бүкіл қазақ әскерінің бас сардары, Кіші жүздің ханы Әбілқайыр өздерінің козге еленбей қалғанына өкпелеп, қазақтар Іле өзеніне ілігіп үлгерген жеңісті жорығының нағыз қызған тұсында майданды тастап, теріскей-батысқа орыс шекарасына қарай ат басын бұрып, сол шақта орыс бодандығын қабылдады. Тегеуірінді шабуыл шорт үзіліп, қалған қазақтардың шегінбеске амалы қалмады. Орта жүздің көп бөлігі солтүстікке, Ұлы жуз Сырдарияға ығысып, жонгарларға бағынуға мәжбүр болды. Алайда, олар күресуін тоқтатқан жок, қалмақтарды қытайлар жойып жібергенгө дейін (1757ж) Абылай хан бас болып соғысумен жүрді. Осы шақтың 1758 жылдан бастап аргындар орыстар келген кезде мекендей тұрган жерлеріне орныға бастады.

КСЭ-бойынша: Қазақ шежіресінде Аргынның есіп-өнүі былай сипатталады: Аргынның бірінші бойбашесі Ерғұлден – Мейрам, оның балалары Куандық, Сүйіндік, Бегендік, Шегендік, Болатқожа, (Қаракесек) (бес Мейрам). Қыздан туған жиені Таракты Аргынның «ноқта ағасы» деп аталады. Екінші бейбішесі Момыннан тортеу: 1) Ақсопы одан – Қанжығалы, Тобықты; 2) Қарасопы, одан – Бәсентій, Қарауыл; 3) Сарысопы, одан – Атығай; 4) Танбыссопыдан – Сары жетім, Шакшақ.

Қоныстары: шығыстан батысқа қарай Ертіс, Торғай өзендерінің аралығы, онтүстіктегі – Балқаш көлінен бастап шөлдегі қарай (1 том, 451-б).

Тоқал Аргын – Саржетім, Шакшақ рұларының ел аузындағы атау, шежіре деректері бойынша Аргынның үшінші әйелінен тараған ұрпақтар Тоқал Аргын атанған. Тарихи деректерге қарағанда Тоқал аргындар 1726 жылды Сәмеке ханмен бірге Россия шекарасына жақындан барып қоныстанған. Рұлық таңбасына қарай «Жоғары шекті», «Темен шекті» болып белінеді (2 том, 83-б).

«Куандық – Алтай, Қарпық, Бөрші, Темеш, Ағыс, Қалқаман тарайды. Олар алты Куандық деп аталады» (7 том, 11-б). «Сүйіндіктен – Қаржас, Орманышы,

Құлболды (Айдабол), Құлік, Ақбура, Тұлпар, Қаблан, Жанболды және Мәжік, Малай, Жәдігер ұрпактары тарайды. Қаржас, Орманшы, Құлболды және Жанболды, Төртуыл деген атпен бірігеді» (10 том, 469-б). «Бегендіктен – Қозған, Тәңірберді, Сырық» (2 том, 227-б). Шегендіктен – Қақсал тараган (12 том, 230-б). «Қаракесек» - Мейрам сопының кіші әйелі Қарқабаттан туған Болатқожа деген баласынан тарайтын ру. Қаракесектен Майқы, Бошан (одан тарайтын Бәйбері, Жанту, Жалықпас, Қошім, Шашар аталарын – Бесбошан деп атайды (Тапас) (6 том, 479-б, 2 том, 308-б).

«Тарақтыдан – Апай, Тоқтауыл, Қыдыр, Жәші, Әлі, Сары, Әйтей, Қосанак, Алакөз, Шауке, Әлеуке, Қөгедей болып он екі арыс ел тарайды» (10 том, 554-б). Қанжығалыдан – Есен, Бозым (6 том, 449-б). Тобыктыдан – Рыспетек, Дәүлетек (Жуантаяқ); Рыспетектен – Даған, Мұсабай, Қекші белінеді (2 том, 70-б). (Шекерім кажы Әүлдетектен – Байтара, Байшора, Жиеншора аталарын таратады). Бәсентійинен – Ақмайдан, Бекмайдан, Тоқмайдан, Актілес, Құшік, Қарабұжыр, Апай, Бөрі, Сырым (2 том, 225-б). Қарауылдан – Құрманқожа, Құлынша. Құлымбет, Тұңгатар, Қалды, Ботпан, Жауылбай, Ақонай, Қоңырша ұрпактары тарайды (6 том, 509-б). «Атығайға он екі арыс Құдайберді, Бәйімбет, Баба. Моныс, Бабасан, Бағыс, Ақкүйік, Құлансу, Қойлы, Есентанырақ, Майлыбалта, Жаугаш елдері кіреді» (1 том, 566-б). «Сарыжетімнен – Ақымбет, Бекімбет, Шымболат, Жаугашты аталары (10 том, 43-б); Шакшакттан – Бақай, Қөшей, Жүзей, Ақназар, Есназар, Томай аталары тараган» (12 том, 169-б).

МӘШНҮР ЖҰСІП ҚӨПЕЙ – ұлының деректеріне сүйенсек: М. Тынышбайұлының шежіресімен екеуінің арасындағы алшактық байқалмайды. Мәшнүр Жұсін шежірені, жадағай атанды тарату деп түсінбей, онда сол рудағы немесе сол елдегі батырга байланысты, ақынға қатысты, балуан жайлы, күйші туралы аңыз-әңгіме, болса соны қалдырмай жазған. Әсіресе «Орта жүз» шежіресінде аталарды таратқанда шынайы дәлдікпен, дәлелді оймен түйіндеп таратып айтты отырган.

БЕКАРЫС (ОРТА ЖҰЗ)

Бекарыстың екі әйелі болыпты. Бірде –бірінің пүшлагы қанамай. жас иісті баланы-ай деп, зарығып, қамығып жүрген күндерінде ойламаған жерден алты қожа кез келіп қона қалыпты. Ой, Құдай-ай, әулиелер келді ғой,-деп алтауыңа алты қой сойыпты. Кір-қондарынды жудыр, аттарыңды тынықтыр. Осы қойлардың етін жеп тауыспай жібермеймін деп. Соңда қожалар мұның шын құлай ықылас қылған пейіліне разы болып, осы алтауымыз да атымызды бердік, алты ұлға ата боласын деп баталарын берілті. Аттары Қарақожа, Ақкожа, Ақтандарбердікожа, Даражоғана, Есімқұлжоғана, Қасымқожоғана.

Сонан қожалардың батасы қабыл болып, Бәйбішеден төртеу, тоқалдан екей туыпты. Алтауының атын қойыпты. Бәйбішеден туган төрт бала: Қарақожа, Ақкожа, Ақтандарбердікожа, Даражоғана. Қарақожадан – Арғын, Аққожадан – Найман, Ақтандарбердікожадан – Қыпшак, Даражоғадан – Қоңырат. Тоқалдан туган – Есімқұлжоғадан – Керей, Қасымқожадана – Уақ.

АРҒЫН

Арғыннан. Аргұл байбішеден – Қотан, Ботан деген екі ұл туған. Ботан қыршын жасында өліп қалып, нәсіл-тұқым қалмаған. Қотаннан Мейрамсопы жалғыз.

Арғынның тоқалының аты Момын. Момынна – Ақсопы, Қарасопы, Сарысопы, Арықсопы, Нәдірсопы.

Ақсопыдан Толыбай ұранды Қанжыгалы, Маябоз ұранды Тобықты. Қарасопыдан Қаракай ұранды Қарауыл, Барлыбай ұранды Бәсентійн. Сарысопыдан – Ошбай ұранды Атығай, он екі атаның ұлы Дағіт, Арықсопы, Нәдірсопыдан үрім-бұтқақ жок.

Арғын бабамыз жүзден асқан шағында бір тоқал алған, аты Айнамкөз. Онан туған баланың атын Таңбыссопы қойған. Таңбыссопыдан – Үсенбай, Елемес. Елеместен – Ериман. Бұл Ериманнан Шағыр, Бөлтірік. Шағырдан – Ақай, Жолдыбай, Тағышы, Аманжол, Сомжурек.

Аманжолдан Көшей, Көшейден Шақшақ батыр, Шақшақ ұлы Кошқар, Кошқар ұлы Жәнібек батыр. Эз Жәнібек аталған, мойны бұрылмайтын, беті қайтпай туған жан болышты. Эз Жәнібектен Дутбай, мұнан туған Мұса батыр, мұнан кейінгілері Бірімжан, Қазыбек, Бірімжаннан Қорғанбек, Дауренбек, Қорғанбектен Ғазымбек, Шағыр. Бөлтіріктен – Сарлыбай, Сары.

Елемеспен туысқан Үсенбайдан Қарамерген, мұнан Байтапсы (ауыл тілінде әңгіме болған Байтапсының есепшісі-ай деген осы Байтажы екен), Ақташы, Әғышы, Балташы, Тағашы, Саржетім, Шақшақ десек білмейтүғын жан жоқ. Қараман, Төлек, Қырықмылтық дегендер де бар.

Тоқал Арғын деп сойленеді. Орынбор жақта алты болыстан асатүғын ел бар деп естіміз.

Мейрам сопы.

Мейрам сопының қайны алышын Құдысбай екен. Қалындығының аты Нұрфая. Нұрфаяны ұзатқанда соңына жеңгесі және түйенің басын жетектейтін күңі Қарқабат ере келіпті. Нұрфаяның өзінен – Куандық, Сүйіндік тудады. Женгесіпен – Бегендік, Шегендік тудады. Қарқабаттан – Болатқожа тудады. Қарқабат өмірінде Мейрам бабамыздың етіне сұық су, табанының астына сыз тигізбеген екен. Отын тергенде кү көдені көп қыйып қоса алып келіп, табанының астына төсейді екен. Құманды қойнына алып жатады екен. Суға түскен сайын Мейрам: - « Ой көсегең көгерсін»-деп алғысты көп айтады екен.

Куандық марқа туыпты, Сүйіндік ұмытыңырап кетіп, екі арасы тым алыс, кенже болып туыпты. Куандықтың алты баласы ат арқасына мініп, соңына еріп жасаққа жараганда, Сүйіндіктің отауы сонда түсіпті, қатыны Ұлы жүз үйсін Өгіз бидің кызы екен дейді. Сонда бұл қызды да женгесі ертіп келіп, еліне қайта алмай қалған екен.

Мейрам сопы ертерек өліп қалып, Нұрфая бәйбіше көп заман бес берекенің біріне қосылған, халқына үйтқы, құт бәйбіше атанған екен. Сонда Куандық жылқыны үлеске салып, енші болуге келгенде өзім бір сыбага, алты балам алты сыбага, кара шаңыракта қалғандарына бір-бір сыбага депті.

Сүйіндік Bolatqozhanы оңаша шығарып алып: - Мына Куандық алты баласын арқа тұтып, маған көптік күшін көрсетеді. Сен маған жақтасып, жасаққа

шыңға жайың бар ма? Сен маган болыссаң, менің өліспей мал бергім келмейді – дейді. Жарайды мен саған болысайын, мына кайын жеңгешінді маган қи, соңан соң, оның баласы алтау болмак түгілі, Жақып пайғамбардың баласындаі он екі болса да маган қоя бер-дейді. Сүйіндік қайың жеңгесін Болатқожага тигізбекші болады. Куандыққа кісі салды: Тұрысатын жерін айтсын-деп.

Ертең ертемен Куандықта шықты. Болатқожа аттан түсे қалып жерден жеті шым ойып тастады да атқа мініп алты Куандықтың алты баласын алты шыммен ұрып шықты да, бір шымды алты Куандыққа жетіп барды.

- Жасы үлкен ага едің, саған қол сермемеймін – деп, жерге тастап берілті. Куандықтың үрді ұшып, түсі қашып, қоркып тұр екен.

«Мына қолындағы шыммен періп қалса, мені жайратады ғой» - деп қуарып кетті дейді. «Қой асығы деме, қолыңа жақса сақа қой!» – деп еді. «Біз саған тоқтадық, еншіні өзің бөліп бере ғой!» – деді. Болатқожа: - Маган тоқтасан ана жайылып жатқан жылқының бір жағын өзің таңдал ала ғой. Мен қақ ортасынан жүремін, менің соңымнан өзгең жүріңдер, - дегендеге Куандық: Мен ана жағын алдым – дейді. Болатқожа қақ ортасынан жүреді, алған жағы Куандықтікі, қалған жағы Сүйіндіктікі – дейді. Болатқожаның «Каракесек» атанатыны содан болса керек.

Куандық.

Мейрамсопының ең үлкені Куандық дедік. Куандықтан алтау: Алтай, Қарпық, Есенқарт (Ағыс), Аманқарт (Қалқаман), Бөрші, Темеш.

Алтай.

Куандықтың бір баласы – Алтай. Бұрынғылар айтады екен: алышын болсаң адай бол. Аргын болсаң Алтай бол, уйсін болсаң Сиқым, Жаныс, Ботбай бол. Найман болсаң Каракерей, Садыр, Матай бол. Өзгелерің қалай болсаң, солай бол депті. Алтай Аргынның тауірі, сауыры да болған кісі екен.

Алтай бабамыз Қанжығалының байы Піспекбайдың жылқышысы болған. Ол заманда жылқышы болу, жылқыны нелер сұраптыл қыста аман сактау екінің бірінің қолынан келе бермесе керек.

Бір жылдары Алтай бабамыз Піспекбайға келіп, биыл қыс қатты болады, шамалы қой мен түйе алыш қалыңыз, жылқыға өзім ие боламын, қалған малды жұмысаны депті.

Күз болғанда бір отар қой мен аздаған түйе тұратын қораның сыртына шөп үйіл, шөпшен жауыпты. Алтай бабамыз байға осыған малды қыс басталғанда қаманыз, жазғытурым қар ери бастанғанда өздері де тесіп шығар депті.

Алтай өзі жылқыны қос тігіп жылы жаққа айдал кетілті. Жылқыны айдал келе жатқанда, жерге қазық қағып отырады екен, егер қазық жерге кірсе еру болып, кірмесе кошіп отырган. Сонымен жылқыны айдал Алтай тауына дейін барыпты дейді. Сол жылы Алтай қыстап шықкан. Бұдан кейін де сол тауға жылқыны апарып қыстап жүрген. Сол таудың Алтай тауы атануының өзі сол Алтай бабамыздың бірнеше жыл қыстап мекен қалғандығынан Алтай тауы атанған деген аңыз бар. Алтай тауында мекен ететін Алтайлықтар деген аздаған казаққа қатты ұқсайтын, бірақ тілі бөлек, монгол тіліне ұқсас халық тұрады. Осылар да сол Алтай бабамыздан қалған тұқым, үрпақ деген аңыз бар.

Алтай бабамыз Алтай тауын қыстап жылкысы да, өзі де аман еліне қайтышты. Сол жылы Алтай айтса айтқандай қатты қыс болып бүкіл байлардың малдары жұтқа ұшырапты.

Піспекбайдың корада азынаулак түйесі мен қойы аман қалды. Алтай айтқандай жазғытүрим қар ери бастиғанда қоршаган шөпті тесіп бастиры кылтиып далаға шығыпты.

Піспекбайда ұл жоқ, үш қызы болышты. Үлкен қызы Байбикеге экесі Піспекбай далаға шығып қарап қой Алтай ағаң көріне ме дейді екен. Келетін уағы болып қалды. Егер Алтай ағаң аман-есен келсе, өзінді Құдай алдында Алтайға қосамын дейді.


Бір күндері үлкен қызы Байбике үйге әкесінен сүйінші сұрап кіріп келіпті. Алыстан үш қарайған көрінеді, сол Алтай болу керек депті. Айтса-айтқаныңдай бір атқа қыстап қалған сұрді, бір атқа меске күйган қысырақтың қымызын тиеп келген екен.

Алтайдың іс-кимылына Піспекбай өте разы болып үлкен қызы Байбикені Алтайға қосады. Алтайдың бәйбішесі Байбикеден Алсай жалғыз туған. Алтайдың жеңіле алған әйелі болған, онан туған Нұрбай. Алтайдың ак сауыты Нұрбайдың қалған. Қалмаққа олжага түсіп кеткен жерінен Нұрбай өзі барып алғып келген, сауыттың аты «Шөжекоз». Сондыктан Нұрбай ұраны «Шөжекоз» болған.

Байбике өлген соң, Піспекбай Алтайға Аққоян деген қызын беріп, мұнан туған балалар Әліке, Байдалы, Сайдалы. Әліке, Байдалы төменгі Алтай атанады. Бұлар Жезқазғаннан әрі Теріс акқан өзені бойында, Арқалықта азын-аулақ ел бар деп естіміз. Сайдалы Ақтау, Ортау жақта Өр Алтай атанып кеткен. Аққоян өлген соң, Піспекбай Алтайға тағы бір қызын берген. Мұнан туған Мойын. «Мойын болмай ойын болмас» атанған. Алтайдың балаларының ішіндегі толығы, өсіп-өнгені осы Мойын. Бұл тоқал Мойынды туған соң қалмакқа олжа болып жау қолына түсіп кеткен. Нұрбайдың батырлығы сол, қалмаққа жалғыз өзі барып тоқал шешесін алғып келіп еді дейді.

Алтайдан алтау: Алсай, Нұрбай, Әліке, Байдалы, Сайдалы, Мойын, Кенжеқара.

Алсай руы.



Аталақ	Мәтен						
Көтөн	Өлкесек	Дүйсен	Аманқұл	Жаманқұл	Құлғара	Қадырбай	Жұман

Аталақ Көтеннен – Куназар, Ерден, Шікір. 1. Куназардың ұрпағы – Дәүқара. 2. Ердениң – Элкен, Айын. 3. Шікірдің ұрпағы – Ержан, Төлеу.

Аталақ Өлкеектен – Сәти, Мендиқұл, Қызырынды. 1. Сәтиден – Көжебай, Алдаш, Мұжықбай, Есентогай, Сыздықбай, Мейірбап. а) Кожебайдан – Кенетай, Қомша, Жангула. Кенетайдан – Аманбай, Байша, Кәрібай. Аманбайдан – Тойымбек, Тойпыбек. Байшадан – Оралбек, одан Сайрам, Болат, Мәлс, Сәбит, Кәрібайдан – Әбілхан, Тұrap, Еркін. Қомшадан – Туганбай, Сейтман, Туганбайдан – Әбдірахман, одан Абдулла. Сейтманин – Бекболат, Айық, Садық. Жангуладан – Мырзекі, одан Дүйсенбек, Құдайберген, Үсен. Үсеннен – Сапар, Аманке, Аманжол, Төлеутай.

б) Алдаштан – Сәрсекей, Сәттібай, Тұкібай, Иса, Тілеубай. Сәрсекейден – Шікір, одан Қабылда, Файзolla. Тұкібайдан – Салжан, Ыршыкей, Жаман. Салжаннан – Әкпар, одан Жұмажан, Мұхаметжан, Рахметжан. Жаманнан – Әбілгазы, одан Алсай, Мәлс. Тілеубайдан – Ақыш, одан Зекен, Бейсен.

в) Мұжықбайдан – Сарыбай, Қысмет. Қысметтен – Керейбай.

